



# “БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№22 4 ауысым 07 сәуір 2023 жыл (ауысым сайын)

*Балалар мен жасөспірімдер журналы*

**«Күй керуен»  
Құрманғазы Сағырбайұлының  
200-жылдығына орай  
жас домбырашылар фестивалі**



*БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,  
«Балдәурен» РОСО филиал директоры.  
Түркістан облысы, Төлеби ауданы*

## ***Наурыз – жыл басы***

*Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін табиғат мерекесі. Наурыз - адамдардың қыс қыспағынан, жұт апатынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын шаруа мерекесі. Наурыз түркі тілдес халықтардың ортақ мерекесі. Әр халық өзінің дәстүріне қарай бұл тойды ерекше етіп тойлатады. Наурыз мейрамында халықтық ойындар мен сауықтық кештер ұйымдастырылады. Бұл күні ұлттық-ойындар мен көңілді кештер өтеді. Мысалы, қыз қуу, алтыбақан құру, ұлттық билер, көкпар, бәйге және т.б.*

*Құрметті Балдәурендіктер! Сіздерді осынау айтулы мерекеміз Ұлыстың Ұлы күнімен шын жүректен құттықтаймын. Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін. Дастархандарыңыз мол, дендеріңіз сау болсын. Наурыздан наурызға аман-есен жете берейік. Қоян жылы ел тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат көңіл, бақыт және береке салтанат құрсын! Ұлыстың Ұлы күні Әз-Наурыз құтты болсын!*



**ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,**  
**«Балдәурен» РСО филиалының**  
**ұйымдастырушы-ұстазы.**  
**Түркістан облысы, Төлеби ауданы**

## **Күй керуен**

*Қазақ халқының рухани дүниесінде күй өнерінің алатын орны ерекше. Күй қазақ халқының рухани болмысының, дүниетанымының тұғыры биік, асыл мұрасы. Халық күйлерінің әуендік сипаты көркемдік образы философиялық ойтереңдігі, халықтың талғамымен танымының ерекшелігін көрсетеді.*

*Күй – қазақтың жансерігі, мұңдасы, сырласы. Күйдің гажаптығы сол – ол бастан кешіріп отырған өмірдің мән-маңызын ұқтырады. Күй ойға жетелейді. Ашу мен ызасын, күйзелісі мен толғанысын, қуанышы мен жұбанышын, өмірінде кездескен түрлі оқиғаларды күй өнерімен өрнектеген. Күй негізінен үш аспапта – домбыра, қобыз, сыбызғыда орындалады.*

*Қазақ халқының ұлы күйшісі, композиторы, дүниежүзілік мәдениеттің аса биік тұлғасы – Құрманғазы Сағырбайұлының өмірге келгеніне 200 жыл. «Халық күй атасы» деп атап кеткен ұлы күйшінің мұралары әлемдік музыка өнерінде қазақ сазының құдіретін таныта білді. Қазақ мәдениетінде орны ерекше күй атасы – Құрманғазы Сағырбайұлының күйлерін дәріптеу, оқушылардың өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, тұлғалық шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 2023 жылдың 4 ауысымын «Күй керуен» Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына орай жас домбырашылар фестивалі деп атап еліміздің 8 облысының өнерлі ұландарының басын қосып отырмыз. Ауысымға келген оқушыларымыз 4-ауысымның тақырыбына сай домбыраның құлағында ойнайтын ұл-қыздар. Ауысым барысында түрлі танымдық-зияткерлік ойындар, көңілді кештер, Күй атасына арналған әдеби-сазды кештер ұйымдастырылды. 4-ауысын өте жоғары деңгейде өтті. Қатысушыларымызға ұнады деген ойдамыз.*

## «Дос болайық бәріміз!» танысу кеші



Жан-жақтан келген оқушыларды достастыру мақсатында әр ауысым басында танысу кеші болып өтеді. Кеш барысында орталықтың қатаң қағидалары мен өзгермес заңдары айтылып, оқушыларға орталықты толығымен таныстырады. Бір топқа бөлінген балалар бір үйдің

баласы сияқты болуы үшін ұйымдастырушы-ұстазы аянбай еңбек етеді. Оқушылар мен ұйымдастырушы-ұстаздар арасында ойындар ұйымдастырылды. Ерекше жанрда ұйымдастырылған танысу кеші бәріне бірдей ұнады деген ойдамыз.



## «Сенім» ұйымының үміткерлерімен танысу

Орталықта дәстүрге айналған негізгі іс-шараның бірі – «Өзін өзі басқару» «Сенім» ұйымының үміткерлерімен танысу кеші. Жалпы топтар арасынан ең үздік, ең білімді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары оқушыларымыз іріктеліп, топ болып жарысқа түседі. Осы ауысым



барысындағы тематикалық күннің қызықты өткізудің тиімді



жолдарын ұсынып, өзінің ұйымдастырушы-ұстаздарының көмекшісі бола алатын оқушыларымыз әділ-қазы алқаларына өз кандидаттығын ұсынды. 2023 жылдың 4-ауысымының «Сенім» ұйымының президенті болып кімнің сайланғанын ауысымның ашылу салтанатында білетін боламыз.



## «Күй керуен» топ визиткасын қорғау кеші

Орталыққа келген балалардың топ болып ең алғаш өткізілетін, топтың атын шығаратын ең маңызды іс-шарасының бірі – топ визиткасын қорғау кеші. 8 топ ауысым тақырыбына сай ерекше киім үлгілерін таңдап, қызықты топтың атын, ұранын, санамағын айтып өзара сынға түсті. Барлық визитка қорғау кешіне қатысқан топтардың барынша зор дайындықпен келгені көрініп тұр. Әділ-қазы алқаларының шешімімен 2023 жылдың 4-ауысымының визитка қорғау кешінің жеңімпазы - біркелкі үлгіде таңдалған киім үлгісі, топтың аты, ұраны, санамағы мен әні ерекше болып таңдалған топтың ұйымшылдығы мен татулығын көрсеткен 4-топ «Ең үздік топ» номинациясын жеңіп алды.



## 2023 жылдың 4-ауысымының ашылу салтанаты



«Күй керуен» Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына орай жас домбырашылар фестивалі атты 4-ауысымның ашылу салтанаты жоғары деңгейде болып өтті.

Ауысымның мақсаты: оқушылардың болашақта дұрыс мамандық таңдай білуіне бағыт бағдар беріп, ұлттық



мәдениетімізді дамыту, ұлтжанды, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

Жан-жақтан келген жас бүлдіршіндеріміз орталықты енді ғана танып, өз ортасына бейімделіп, топпен жұмыс жүргізуді үйренуде. Барлық балдәурендіктерді нағыз балдәурендіктер болғанымен құттықтаймыз!



## **«ZhastarLand» «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші**



Орталықтың тағы бір дәстүрге айналған көңілді кешінің бірі – «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші. Кеш әр баланың өз ұйымдастырушы-ұстаздарының жаңа бір қырынан тануына көмектеседі.

Мен сенемін жастарға.

Алаш атын аспанға

Шығарар олар бір таңда,

Мен жастарға сенемін! - деп

Мағжан Жұмабаев атамыз жырлағандай жастардың шабытына шабыт қосып, шығармашылық дамуына жол ашатын «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші өте жоғары деңгейде болып өтті.





# «Өлең – сөздің патшасы» мәнерлеп оқу сайысы



Білім кешенінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында "Өлең-сөздің патшасы" мәнерлеп оқу сайысы болып өтті. Оқушыларымыз қазақ әдебиетінің майталмандарының өлеңдерінен үзінділер оқыды. Сөздің қадірін білген халқымыз ақындық өнерді ерекше бағалай білген. Құлақтың құрышын қандырып, оқушыларымыз өлең жолдарын, жүрек түбіне жеткізіп орындады.



## «Sport Lovers» бекеттік ойыны



Бүгін орталығымызда топтар арасында «Sport Lovers» бекеттік спорттық тимбилдинг ойындары болып өтті. «Тимбилдинг» ойындары балаларды топпен бірлесе кез-келген жағдайды жақсартуға мүмкін екенін ойын арқылы түсіндіретін жақсы тәсіл. Спорттық ойындарға оқушыларымыз жоғары деңгейде қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша 1 орын 7-топ, 2 орын 2-топ,

3 орын 1-6-топтар иеленді.



## **«Жұлдызды Балдәурендіктер» шығармашылық байқауы**



Өнер өздігінен шарықтап, дамымайтыны белгілі. Енді ғана қалыптасып келе жатқан баланың бойындағы талантын, шығармашылығын аша білу де оңай емес. Оған қашан да қолдау көрсету керек. Баланың мінез-құлқына сай оның әртүрлі қабілеті де болады. Дұрыс бағыт-бағдар беріп, баланың шабытына-

шабыт қосу - ұстаздың еңбегі. Бүгінгі байқау кешіміз әр баланың жеке қабілетін анықтауға, өздеріне деген сенімділіктерінің күшеюіне арналады.

Балалар өз қабілетіне байланысты топтарға бөлініп, түрлі шығармашылықтар бойынша сынға түсті.



## «DAS-TURLY» бекет бойынша ауыларалық салт-дәстүрлер байқауы



Наурыз түркі тілдес халықтардың ортақ мерекесі. Әр халық өзінің дәстүріне қарай бұл тойды ерекше етіп тойлатады. Наурыз мейрамында халықтық ойындар мен сауықтық кештер ұйымдастырылады. Бұл күні ұлттық-ойындар мен көңілді кештер өтеді.

Оқушыларымызға түркі тілдес халықтардың наурыз тойын тойлаудағы ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерінің айырмашылықтарын көрсету мақсатында «DAS-TURLY» бекет бойынша ауыларалық салт-дәстүрлер байқауы болып өтті. Байқауға төрт ұлттың үйлері «Қазақ ауылы», «Өзбек ауылы», «Қырғыз ауылы», «Моңғол ауылы» тігіліп, салт-дәстүрлерімен таныстырылды. Әр ауылдың ерекше салтанатпен құрылған үйлері, оқушылардың бірлігі ерекше көзге түседі. Бүгінгі ауыларалық салт-дәстүрлер байқауының жүлделі «Бас жүлде» - С корпусы- қазақ елі, 1 орын - А корпусы- өзбек елі, 2 орын - Д корпусы - моңғол елі, 3 орын - В корпусы - қырғыз елі алды.



## «Мектеп-кеме, білім-теңіз» мектеп презентациясы

Бүгін орталығымызда «Мектеп-кеме, білім-теңіз» атты 4-ауысымының мектеп презентациясы болып өтті. Оқушылар ұстаздармен таныстырылып, сыныптарға бөлінді.

Осы ауысым барысында көптеген іс-шаралар өткізіп, қызықты сабақтар, әртүрлі зияткерлік ойындар, керемет әдеби-сазды кештер өткізіледі. Бұл іс-шараларда балалар өздерінің жақсы қырларымен көрсете алады. Оқушылардың білімі мен біліктілігін арттыратын, дұрыс бағыт-бағдар беретін ұтымды ауысым тілейміз! Арман аралына қош келдің, жас достар!



## «СИПЕЛКА» шоуы



Орталыққа келген бүлдіршіндеріміздің өнерлі екендігіне бүгінгі кеш толықтай көз жеткізді. Бүгін топтар арасында «Сипелка» шоуы болып өтті. Сипелка – әннің сөзің би қимылдары арқылы жеткізу. 8-топта бүл іс-шараға қызу дайындықпен келген. Бір-бірінен өнерлі топтарымызды бөліп жару

әділ-қазы алқаларына қиынға түсті. Десекте сайыстың аты – сайыс. Бүгінгі шоуымыздың жеңімпазы «Бір үйдің баласындай» әніне сипелка көрсете білген 7-топ жеңіске жетті.



# «Бағынды сына» танымдық ойыны



Білім мен өнер жарысып,  
Тәрбие, тәлім табар мән.  
Бұл бәйге ойдың бәйгесі  
Кім жүйрік ойға, сол алда.

Оқушылардың ойлау қабілетін, ой-ұшқырлығын арттыра отырып, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, жинақы

болуға, және білім алуға деген құштарлықтарын ашып, өзгенің ойын тыңдап, сыйлау дағдыларын қалыптастыру үшін «Бағынды сына» танымдық ойыны таптырмас ойын түрі. Ойын тартысқа толы болды. Әр оқушы өзінің ұйымшылдығын, тапқырлығын көрсете білді.



## «Happy day» туған күн кеші



Жылына бір келетін жекеменшік мерекені әсіресе балалар асыға күтеді. Барлық ізгі тілектер, бірі-бірінен әсем сыйлықтар бәрі-бәрі осы ерекше күн иесіне арналады. Әр ауысым сайын дәстүрге айналған негізгі іс-шараның бірі - туған күн иелеріне арналған кеш. Барлық бала үшін кереметтей қойылым көрсетіліп, ойындар ойнатылды. Аспазшы апайларымыздың дайындаған дәмді торты ортаға әкелініп, туған күн иелеріне табысталды. Орталық басшысының

құттықтау грамотасымен марапатталып, сыйлықтар табысталды. Кеш қызыққа толы болды. 4-ауысым барысында өз туған күнін Балдәуренмен бірге тойлап отырған демалушыларымызды туған күндерімен құттықтаймыз! Сіздерге және туыстарыңызға денсаулық пен қуаныш, амандық пен бақыт тілейміз.





## "Ми Battle" зияткерлік сайысы



Орталығымызда ауысым сайын оқушылардың ынтасын, ақыл-ойын кеңейтіп, шапшаңдыққа, ептілікке бағыттайтын түрлі танымдық-зияткерлік ойындар ұйымдастырылады. Ойын арқылы баланың топпен жұмыс жасауы, бірін-бірі тыңдап,

пікіріне құрметпен қарауды үйренеді. Сол ойындарымыздың бірі "Ми Battle" зияткерлік сайысы. Ойы жүйрік, шапшаң жауап берген жеңімпаз тобымыз анықталып, марапатталды.



## **«Champion» СМ ойындары**

Спорттық ойындар адамның ептілігі мен жылдамдығын, төзімділігі мен шапшаңдығын арттырады. Салауатты өмір салтын насихаттайды. Орталықтың дәстүрге айналған негізгі іс-шараларының бірі «Champion» СМ ойындары. Балалар жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөлініп өзара жекелей және топтық біріншіліктер бойынша жарысқа түседі. Қатысушылар белсенді және жігерлі болды. Топпен бірге арқан тартып, ләңгі теуіп, дойбы, тоғызқұмалақ ойнады. Спорттық және ашық ойындар белсенді демалыстың жақсы құралы болып табылады. Екі күнге созылған «Champion» СМ ойындары барысында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанғандар марапатталды. Жеңіс құтты болсын, Балдәурендіктер!



## «Өнегелі оқушы» байқауы

Орталықтың дәстүрге айналған негізгі іс-шарасының бірі – «Өнегелі оқушы» байқауы. Байқауға 7-8-9 сыныптардан ең білімді, алғыр, ойы жүйрік 10 оқушы таңдап алынып қатысады. Оқушылар 4 кезең бойынша сұрақ-жауаптарға қатысып, баллмен бағаланады. Ең жоғары балл жинаған оқушы анықталып, 5 кезеңге жолдама алады. 5 кезеңде ең таңдаулы оқушымызға түрлі сұрақтар беріледі. Сыннан сүрінбей өте алса «Өнегелі оқушы» атанады. 4-ауысымның «Өнегелі оқушы» байқауына қатысушы оқушыларымыз өздерінің шын жүйрік екендерін дәлелдей алды. 5 кезең бойы өзінің білімділігін көрсеткен 9-сынып оқушысы Болат Дәулет «Өнегелі оқушы» атанды.



## **«Күй атасы-Құрманғазы» Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына арналған әдеби-сазды кеш**

Бүгін орталығымызда қазақ даласын асқақ күйлерімен тербеген ұлы күйші, күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының өмірі мен шығармашылығын таныстыру мақсатында «Күй атасы – Құрманғазы» атты әдеби-сазды кеш болып өтті. Халқымыздың ұлы күйшілеріне құрмет сезімін тудыра отырып, өскелең ұрпаққа дәстүрлі күй өнерін дәріптеп, ұлттық өнерімізді қайта жаңғырттық. Кеш барысында оқушыларымыз Құрманғазының «Адай», «Серпер», «Науысқы», «Ақсақ киік», «Жезкиік», «Төремұрат», «Мұраттың төкпесі», «Қызыл қайың серпер», «Күй тартыс» күйлерін орындап, тыңдаушының жүрегінің түбіне жеткізе білді.



## **2023 жылдың 4-ауысымының жабылу салтанаты**



Міне, 20 күнге созылған 4-ауысым да өз мәресіне жетті. Қызыққа толы 20 күн де өте шықты. Ауысым барысында көптеген көңілді кештер, танымдық-зияткерлік сайыстар, кереметтей ойындар ұйымдастырылды. «Балдәурен» балаларға көптеген мүмкіндіктер берді. Жаңа достар тауып, өзін жаңа бір

қырынан танылуына себепкер бола білді. Осы 20 күнге созылған демалыстың бүгін жабылу салтанаты болып өтті. 4-ауысым балалардың көңілінен шықты деген ойдамыз. Арман аралы – «Балдәурен» өзінің жас достарына сәт-сапар тілейді. Жолың болсын, балапан!



## **«Ұмытпа бізді» гала-концерті**



20 күннің қорытынды кеші – гала-концерт. Ауысым барысында өткен қызықтарға бір шолу жасап, өзінің тәртібі мен білімі, ұйымшылдығымен көзге түскен оқушыларымыз орталықтың Алғыс хатымен марапатталды. Кереметтей көңілді кеш ұйымдастырылды. Оқушыларға алдағы күнге тек қана бақыт тілеп,

ашық аспанның астында бейбіт елдің ұландары болып, «Балдәуренді» мәңгі жүректерінде сақтайды деген сеніміміз мол. Балдәуреннің қоштасу әнін айтып, ақ жол тіледі.





Бас редактор: *Ерназарова Айну́р Шүкiрқoзo*





baldauren

*Мекен-жайы:*

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,  
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй*

*Телефон: +7 (777) 357 07 37*

*E-mail & [baldauren\\_2@inbox.ru](mailto:baldauren_2@inbox.ru)*